

Нұрмағанбет Е.Т., Смайлова Э.

**Адвокаттық қызметтің  
заңнамалық қайнар көздері**

Берілген мақалада адвокаттық қызметті реттейтін мемлекеттік билік органдарының нормативтік-құқықтық актілері қарастырылған. Сонымен қатар нормативтік актілердің жіберген қателіктері мен мәселелері де көрініс табады. Сол мәселелерді шешу жолдары да жазылады.

**Түйін сөздер:** адвокат, адвокаттық қызмет, нормативтік-құқықтық актілер, қылмыстық іс жүргізу.

---

Nurmaganbet E.T., Smailova E.

**Legal sources Advocacy**

This article analyzes the legal acts of government bodies containing norms, regulating activity of advocacy. Law sources of law are normative legal acts regulating law-legal relationship, and their problems. And the way the solution to this problem.

**Key words:** the lawyer, lawyer activity, regulations, the criminal proceedings.

---

Нурмағанбет Е.Т., Смайлова Э.

**Правовые источники  
адвокатской деятельности**

В данной статье рассматриваются нормативно-правовые акты органов государственной власти, содержащие нормы, регулирующие деятельность адвокатуры. Источниками адвокатского права являются, прежде всего, нормативные правовые акты, регулирующие адвокатско-правовые отношения и их проблемы, а также пути решения данной проблемы.

**Ключевые слова:** адвокат, адвокатская деятельность, нормативно-правовые акты, уголовный процесс.

## **АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ**

Адвокатура мәртебесінің осы уақытқа дейін нақтыланбауының себебі осыған дейін қоғамдық ұйымның құрылу тәртібі мен қызметін анықтайтын заңнаманың болмауы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, оның ішінде қоғамдық ұйым құру мен қызметіне құқық беретін 5-бабының қабылдануымен және «Қоғамдық ұйымдар туралы» Заңының шығуымен, адвокатураның ұйымдық-құқықтық нысаны анықталып, ол қоғамдық ұйым емес, тәуелсіз, мамандандырылған және өзін-өзі қаржыландыратын адвокаттар ұйымы» делінген. Аталған анықтаманы негізді деп тануға әбден болады, себебі ереже өмір талабына сәйкес жазылған.

Адвокатура білікті құқықтар мен заңды мүдделерді құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ететін және заңда көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға. Адвокаттар алқасының қоғамдық ұйымдардан айырмашылығы ретінде адвокат-өкілдердің қызметіне қойылатын талаптарды қоғамдық ұйымның қызметімен сәйкестендіретін баптардың болуы.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық ұйымдар туралы» Заңының 4-бабына сәйкес, қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірлесуіне жол берілмейді. Мемлекеттің қоғамдық ұйымдардың ісіне араласуға не қоғамдық ұйымның мемлекет ісіне араласуға, мемлекеттік органдардың функцияларын қоғамдық ұйымға жүктеуге және мемлекеттік органның қоғамдық ұйымдарды қаржыландыруға тыйым салынады [1, с. 61].

Ал, егер адвокаттар алқасы қоғамдық ұйым болса ол тікелей мемлекеттік органның ісіне араласады [2]. Сонымен қатар, жоғарыдағы ойымызға сәйкес заң мемлекеттің қоғамдық ұйымдар ісіне араласуға және мемлекеттік функцияларды қоғамдық ұйымға жүктеуге тыйым салады. Ал, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес кейбір жағдайларда өз құқығын білдіруге мүмкіндігі жоқ азаматтарға тергеушілер не сот тарапынан адвокат беріледі. Сонда мемлекет адвокаттар алқасының ісіне тікелей араласып, өз функциясын жүктеп отыр. Сонымен қатар, мемлекеттің араласуы адвокаттардың құқықтары мен міндеттері регламентациясында, қылмыстық іс-жүргізу нормаларында және адвокаттық заңнамада берілген, ал қоғамдық ұйымдар мү-

шелерінің құқықтары мен міндеттері олардың ішкі ережелерімен реттеледі.

Тағы да әрбір азаматтың адвокаттық қызметпен айналысу құқығы Қазақстан Республикасы «Қоғамдық ұйымдар туралы» заңының [3]. 11-бабындағы қоғамдық ұйымның мүшесі ретінде әрбір азаматтың бола алуын ұштастыруы даулы болып отыр. Себебі, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңында адвокаттық қызметпен тек арнайы заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар және міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын азаматтар ғана айналыса алады. Ал қоғамдық ұйымдарға кіру үшін мұндай талаптар керек емес [4].

Сонымен қатар адвокаттар алқасының қаржыландырылуы мен іс-жүргізу өкілеттігі және т.б. оны қоғамдық ұйымдардан ерекше құқықтық-ұйымдық нысанға ие екендігін көрсетеді. Адвокатураға қандай ұйымдық-құқықтық нысанға тән екендігі туралы сұрақ Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңында көрініс табады.

Адвокаттар алқасының мемлекеттен қаржыландырылу жағдайына аса көңіл бөлгендердің бірі болып, Е. Жовтис «Бюджеттен қаржыландырылатын муниципалдық адвокатураны құруды» ұсынды [5, с. 15].

С.М. Жалыбин: «Альтернативті алқалар құру қажеттіліктің көрінісі емес, сондықтан олар мамандандырылған өкілдік ету қызметіне нұқсан келтіреді. 1997 жылдың 25 сәуірінде қабылданған Конституциялық Кеңестің қаулысы адвокаттар алқасының ұйымдық-құқықтық нысаны қоғамдық ұйым деп танылды. Осылайша «Адвокаттық қызмет туралы» Заң қабылданғанша адвокаттық алқалар қоғамдық ұйымға жатты. Кейін Парламентті «Адвокаттық қызмет туралы» заңды бекіткен соң ол қоғамдық ұйымға жатқызылмады. Ал «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 20-бабының 3-тармағында облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда тек бір адвокаттық алқа жұмыс істей алады» – делінген.

Осы мәселе бойынша Конституциялық Кеңестің қаулысын талқылай келе, профессор А.К. Котов: «облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада бір ғана адвокаттық алқа жұмыс істей алады» – деп маңызды мәселеге нүкте қойды [6, с. 25].

Адвокаттар өздеріне тапсырылған жария функцияны жүзеге асыру үшін заң оған ерек-

ше субъективтік құқықтар беріп, арнайы заңдық міндеттемелер жүктейді. Адвокаттар азаматтық және тағы басқа да істер бойынша өкіл немесе қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардағы заң тұрғысынан көмек сұрап келген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, заңдық тұрғыда көмек беруге қажет болған жағдайда мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың заңдық кеңселер арқылы құжаттар, анықтамалар және олардың көшірмелерін алуға құқылы.

Біздің көзқарас мынаны тұжырымдайды, адвокаттар ғана қылмыстық істі қозғау кезінде, тергеу жүргізу барысында және сот өндірісінде адам мен азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен заңды мүдделері үшін өкілдік етуші ретінде қатыса алады.

С. Тыныбеков: «Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін» – атап өткен. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда, осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық құқық қорғау институтынсыз мүмкін емес деп қарастыра келе, Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндетін атқарады. Әдетте, құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығын қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңға әсер ету шараларын қолдану жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталынатын қызметті түсінеміз» – деп тұжырымдады [7, б. б.]. Ғалымның бұл ойын қолдаймыз, себебі адвокатура саласының жетілуі мен даму тұстары әлі де болса ақсап тұр.

В. Побяхо: «Егер заң шығарушы заңды көмек көрсету құқығы мен адвокаттық алқа арасындағы тәуелділікті жойса, адвокатура мәртебесі анықталады» – деген болатын [8]. Автордың ойымен келісе алмаймыз, себебі адвокаттар немесе адвокаттық алқаның негізгі міндеті – халыққа заңдық көмек көрсетуге тәуелді, егер аталған қызметті атқармайтын болса, кәсіби заңгер мәртебесінен айырылып қалуы мүмкін.

### Әдебиеттер

- 1 Жалыбин С.М. Защита прав граждан в уголовном судопроизводстве: монография. – Алматы: Жеті Жарғы, 2002. – 304 с.
- 2 Сериев Б.А. Еңбек заңдарының бұзылуына байланысты қылмыстық іс жүргізуге жәбірленушінің өкілі ретінде адішкаттың қатысуы: заң ғыл. канд. дис. автореф. ... : 12.00.09. – Алматы, 2008. – 134 б.
- 3 Қазақстан Республикасы «Қоғамдық ұйымдар туралы» Заңы.
- 4 Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы.
- 5 Жовтис Е. Проблемы защиты прав человека неправительственными организациями // Сборник материалов международной научно-практической конференции «10 лет независимости РК: достижения и проблемы адвокатуры». – Алматы, 2001. – С. 15-18.
- 6 Котов А.К. Конституционные гарантии права каждого на защиту прав свобод // Сборник материалов международной научно-практической конференции «10 лет независимости РК: достижения и проблемы адвокатуры». – Алматы, 2001. – С. 25-29.
- 7 Тыныбеков С. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет: оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2003. – 317 б.
- 8 Побияхо В. Каким быть закону об адвокатуре? // Казахстанская правда. –1997. – 24 сентября.

### References

- 1 Zhalybin S.M. Zashhita prav grazhdan v ugovolnom sudoproizvodstve: monografiya. – Almaty: Zheti Zhargy, 2002. – 304 s.
- 2 Seriev B.A. Enbek zandarynyn buzyluyna bajlanysty kylmystyk is zhyrgizuge zhəbirlenushinin əkili retinde adishkattyn katysuy: zan gyl. kand. dis. avtoref. ... : 12.00.09. – Almaty, 2008. – 134 b.
- 3 Kazakstan Respublikasy «Kogamdyk ujymdar turaly» zany.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn «Advokattyk kyzmet turaly» Zany.
- 5 Zhovtis E. Problemy zashhity prav cheloveka nepravitel'stvennymi organizacijami // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «10 let nezavisimosti RK: dostizhenija i problemy advokatury». – Almaty, 2001. – S. 15-18.
- 6 Kotov A.K. Konstitucionnye garantii prava kazhdogo na zashhitu pravi svobod // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «10 let nezavisimosti RK: dostizhenija i problemy advokatury». – Almaty, 2001. – S. 25-29.
- 7 Tynybekov S. Kazakstan Respublikasyndagy advokatura zhjene advokattyk kyzmet: okulyk. – Almaty: Dəneker, 2003. – 317 b.
- 8 Pobijaho V. Kakim byt' zakonu ob advokature? // Kazahstanskaja pravda. –1997. – 24 sentjabrja.